

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі
20 __ жылғы «__» _____
№ _____

010000, Астана, Мажилис Парламента
«__» _____ 20 __ года

2025 жылғы 5 наурыз жарияланды

ОБЛЫС ӘКІМДЕРІНЕ

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

«Ауыл» партиясы» фракциясы, Аграрлық мәселелер комитеті бүгінгі күнге дейін аграрийлердің мүдделерін қорғай отырып, әдетте Үкіметтің және басқа да орталық мемлекеттік органдардың іс-әрекеттерін объективті сынға алды, бірақ бүгін, сөздің шыны керек, Үкімет фермерге бет бұрып, ауыл шаруашылығы саласын қолдаудың жүйелі, бұрын-соңды болмаған шараларын қабылдап отырғанын атап өткен жөн.

Мәселен, ағымдағы жылы егіс және егін жинау жұмыстарын қаржыландыру көлемі 700 млрд. теңгеге дейін ұлғайтылды, жылдық мөлшерлемесі 5%, **айырмашылығын айта кету керек**, екі жыл бұрын бұл сома 140 млрд. теңгені құрады.

Келесі. Өткен жылдан бастап көктемгі егіс жұмыстарын жүргізу науқаны берілген фермерлердің қарыздарына 85%-дық кепілдік беру тетігі іске қосылды. Осы қолдауды пайдаланған фермерлер қазірдің өзінде оның тиімділігі мен ыңғайлылығын бағалады.

Отандық ауыл шаруашылығы техникасына жалпы сомасы 200 млрд. теңге бөлінген жылдық 5%-дық мөлшерлеменен жеңілдікті лизинг бағдарламасы жалғасуда.

Өткен жылы осы бағдарлама бойынша фермерлер 4 мыңнан астам ауыл шаруашылығы техникасын сатып алды, ал ағымдағы жылы 5 мыңнан астамын алу жоспарлануда.

Сондай-ақ, өңдеу кәсіпорындары үшін айналым қаражатын қаржыландыру бағдарламасы жалғастырылатын болады.

Фермерлердің көптеген өтініштері бойынша айналым қаражатын сатып алуға, оның ішінде бордақылауға малдар төлін сатып алуға мал шаруашылығын қаржыландыру жаңа бағдарлама дайындалуда.

Барлық осы тиімді шаралардың кешені біздің ауыл тұрғындарын қолдау жөніндегі «Ауыл» партиясы» бастамаларын іс жүзінде іске асыру, бұл Агробанк қызметінің негізгі экономикалық қағидаттары болып табылады, оны

құру қажеттілігі туралы біздің фракция Парламентте жұмыс істеген алғашқы күннен бастап мәлімдеді және **ең бастысы**, бұл идеяны іс жүзінде барлық парламенттік фракциялар қолдады.

Бірақ енді бұл бағдарламаларды жергілікті жерлерде тиімді іске асыру мәселесі туындайды, сол себептен ең алдымен фермерлік және шаруа қожалықтары арасында жүйелі және кең ауқымды түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру қажет.

Алайда, іс жүзінде жағдай басқаша қалыптасқан, тіпті Аграрлық мәселелер комитетіне күн сайын әртүрлі аймақтардан келген фермерлер бүгінгі күні қандай мемлекеттік қолдау шаралары бар деген сұрақтармен жүгінеді, бұл бізді таң қалдырады әрі алаңдатады.

Өткен аптада біз Ауыл шаруашылығы министрлігінің жыл қорытындысы бойынша Алқа мәжілісіне қатыстық, сонда біздің алаңдаушылығымыз расталды, әкімдіктердің АӨК мемлекеттік қолдау бағдарламаларын түсіндіру және іске асыру жөніндегі жұмысы қатты сынға ұшырады.

«ӨКК арқылы көктемгі егіс жұмыстарын әкімдіктердің қаржыландыруы бойынша картина өте көңілсіз көрінеді...» - бұл ауыл шаруашылығы министрлігінің жауапты қызметкерлерінің баяндамасынан алынған сөзбе-сөз бағалау.

ӨКК арқылы қаржыландыру бағдарламасы фермерлерге ақша түсімін жеделдету үшін арнайы құрылды.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметінше, бүгінде ӨКК арқылы **тек төрт әкімдік!** қана тиісті жұмысты бастады, олар Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Ақмола және Павлодар облыстары, ал Жамбыл, Жетісу, Атырау және Маңғыстау облыстарының әкімдіктері әлі күнге дейін АӨК-ге жүгінген жоқ, қалған өңірлерде жұмыс жүргізілуде, былайша айтқанда «жақсы да емес, жаман да емес».

«Ауыл партиясы» фракциясының және Аграрлық мәселелер комитетінің депутаттары барлық облыс әкімдеріне осы маңызды мәселені біздің аграршыларымыз үшін жеке бақылауға алуға, оны барлық мүдделі тараптарды шақыра отырып, арнайы кеңесте дереу қарауға және егіс және егін жинау жұмыстарын қаржыландыруды ұйымдастыру жөніндегі жұмысты күшейтуге шұғыл ұсыныс жасайды.

«Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 27-бабына сәйкес депутаттық сауалды қарау нәтижелері және оларды іске асыру бойынша қабылданған шаралар туралы заңда белгіленген мерзімде жазбаша жауап беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен,

**Егізбаев С.Р.
Мәмбетов Е.Н.
Әлішев Қ.Қ.
Әшімбетов Н.К.**

**Әлтай А.Д.
Дайрабаева Ж.М.
Казанцев П.О.
Қасқарауов Д.А.
Сұңқар И.Е.
Қожаназаров А.А.
Абден Қ.Ж.
Арсютин Н.Г.
Баққжаев А.А.
Зейнуллин А.Т.
Саурықов Е.Б.
Серіков Т.Ғ.**

*орын. Ә.Қапезова
тел. 746747*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі
20 __ жылғы «__» _____
№ _____

010000, Астана, Мажиліс Парламента
«__» _____ 20 __ года

оглашен 5 марта 2025 года

АКИМАМ ОБЛАСТЕЙ

ДЕПУТАТСКИЙ ЗАПРОС

Фракция «Ауыл партиясы», Комитет по аграрным вопросам до сегодняшнего дня, отстаивая интересы аграриев, обычно объективно подвергало критике действия Правительства и других центральных государственных органов, но, сегодня, справедливости ради надо сказать, что Правительство реально повернулось лицом к фермеру и приняло системные, беспрецедентные меры поддержки сельскохозяйственной отрасли.

Так, финансирование посевных и уборочных работ в текущем году увеличивается до 700 млрд.тнг. под 5% годовых, еще два года назад эта сумма составляла 140 млрд.тнг., **как говорится, почувствуйте разницу**.

Далее. С прошлого года заработал механизм 85%-го гарантирования займов фермеров, выданных на ВПР. Фермеры, которые воспользовались этой поддержкой уже оценили ее эффективность и удобство.

Продолжается программа льготного лизинга сельхозтехники отечественного производства под 5% годовых, на которую выделено 200 млрд.тнг. В прошлом году по этой программе фермерами приобретено более 4 тыс.ед. сельхозтехники, в текущем году планируется уже более 5 тыс.единиц.

Также будет продолжена программа финансирования оборотных средств для перерабатывающих предприятий.

По многочисленным просьбам фермеров готовится новая программы финансирования животноводства на приобретение оборотных средств, в том числе молодняка для откорма.

Весь этот комплекс эффективных мер по сути является практической реализацией инициатив «Ауыл партиясы» по поддержке наших сельчан, это и есть основные экономические принципы деятельности Агробанка о необходимости создания которого наша фракция заявила с первого дня работы в Парламенте **и главное**, эту идею солидарно поддержали практически все парламентские фракции.

Но, теперь встает вопрос эффективной реализации этих программ на местах и в первую очередь организации системной и широкомасштабной разъяснительной работы среди фермерских и крестьянских хозяйств. Однако, на практике ситуация складывается иначе, даже к нам в Аграрный комитет ежедневно обращаются фермеры из различных регионов с вопросами какие меры господдержки на сегодня существуют, что нас конечно неприятно удивляет и настораживает.

На прошлой неделе мы приняли участие в работе коллегии минсельхоза по итогам годам и там наши опасения подтвердились, работа акиматов по разъяснению и реализации программ господдержки АПК подверглась очень серьезной критике.

«Картина по финансированию акиматами ВПР через СПК выглядит удручающе...», это дословная оценка из доклада ответработников минсельхоза.

Программа финансирования через СПК создавалась специально для ускорения поступления денег фермерам.

По информации минсельхоза на сегодня должную работу через СПК начали **только четыре!** акимата, это Северо-Казахстанская, Костанайская, Акмолинская и Павлодарская области, акиматы Жамбылской, Жетису, Атырауской и Мангистауской областей еще даже и не обращались к АКК, а в оставшихся регионах работа ведется, как говорится, «не шатко не валко».

Депутаты фракции «Ауыл партиясы» и Комитета по аграрным вопросам обращаются с настоятельной рекомендацией ко всем акимам областей взять этот важнейший для наших аграриев вопрос на личный контроль, незамедлительно рассмотреть его на специальном совещании с приглашением всех заинтересованных сторон и усилить работу по организации финансирования посевных и уборочных работ.

В соответствии со статьей 27 Конституционного закона Республики Казахстан «О Парламенте Республики Казахстан и статусе его депутатов» о результатах рассмотрения депутатского запроса и принятых мерах по их реализации просим дать письменный ответ в установленный законом срок.

С уважением,

**Егізбаев С.Р.
Мамбетов Е.Н.
Алишев К.К.
Ашимбетов Н.К.
Элтай А.Д.
Дайрабаева Ж.М.
Казанцев П.О.
Каскарауов Д.А.
Сұңқар И.Е.
Ходжаназаров А.А.
Абден К.Ж.**

**Арсютин Н.Г.
Баккожаев А.А.
Зейнуллин А.Т.
Саурыков Е.Б.
Сериков Т.Г.**

*исп. Капезова А.Б.
тел. 746747*